



«Мен және менің болашақ мамандығым» тақырыбында медбикелер мен педиатр дәрігерлердің қатысуымен танымдық кездесу өтті. Бұл шараға болашақ мамандықтарын таңдауға талпынып жүрген оқушылар қатысты. Кездесу барысында тәжірибелі мамандар өздерінің еңбек жолы, күнделікті жұмысының қыр-сыры, медицина саласындағы жауапкершілік пен адам өміріне деген қамқорлықтың маңызы туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Сонымен қатар, мамандар оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беріп, медицина саласына түсу жолдары, қажетті білім мен дағдылар туралы пайдалы мәліметтер ұсынды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандармен еркін пікір алмасты. Кездесу жасөспірімдерге болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға үлкен мотивация берді.